

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 19 қарашадағы № 16/166 "Мұнайлы ауданында әлеуметтік көмек мөлшерін, мұқтаж азаматтар санаттарының тізімін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Мұнайлы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 09 маусымдағы № 23/255 шешімі . Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 04 шілдеде № 2470 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 3/21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 16.04.2021 № 3/21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Зандарына, сонымен қатар "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 19 қарашадағы № 16/166 "Мұнайлы ауданында әлеуметтік көмек мөлшерін, мұқтаж азаматтар санаттарының тізімін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2320 болып тіркелген, 2013 жылғы 27 желтоқсандағы "Мұнайлы" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) көрсетілген шешімнің 1 қосымшасында:
реттік нөмірі 1 жол алынып тасталсын;
- 2) көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мұнайлы аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (А. Жанбуршина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Мұнайлы аудандық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі, заңдылық, құқық тәртібі, депутаттар өкілеттілігі және әдеп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрайымы Г. Себепбаева).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е. Құли

Аудандық мәслихат хатшысы

өкілеттігін уақытша

жүзеге асырушы

К. Ильясов

"КЕЛІСІЛДІ"

Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімінің басшысы

Г.Т. Акниязова

09 маусым 2014 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Мұнайлы аудандық экономика

және қаржы бөлімінің басшысы

Ш.С. Сұңғат

09 маусым 2014

Аудандық мәслихаттың
2014 жылғы 09 маусымдағы
№ 23/255 шешіміне қосымша

Атаулы күндер мен мерекелік күндерге бір жолғы әлеуметтік көмек мөлшері, алушылар санаттарының тізбесі

№ п/п	Атаулы күндер мен мерекелік күндер тізімі	Санаты	Әлеуметтік көмек мөлшері	Әлеуметтік көмек еселігі
"Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар				

1	22 наурыз- Наурыз мерекесі	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көп балалы аналар, Бұрынғы КСР Одағының "Батыр ана", "Аналық даңқ" (1,2,3 дәрежесі) ордендерімен, "Аналық медалі" (2 дәрежесі) медалімен марапатталған көп балалы аналар	2 (екі) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
		Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтың мүгедек балалары және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	5 (бес) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
2	1986 жыл 26 сәуір Чернобыль - дағы АЭС апат күні	Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушы мүгедектер	60 000 теңге	Жылына бір рет
		1986–1987 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушылар	50 000 теңге	Жылына бір рет
		1988–1989 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушылар	20 000 теңге	Жылына бір рет
3	9 мамыр Жеңіс күні	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	100 000 теңге	Жылына бір рет
		Жеңілдіктер пен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар (Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушы мүгедектерден басқа)	60 000 теңге	Жылына бір рет
		Жеңілдіктер пен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғалар (1986–1987 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушылардан басқа)	50 000 теңге	Жылына бір рет
		Ұлы Отан соғыс жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым-1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғыс жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар	10 000 теңге	Жылына бір рет
		Ұлы Отан соғыс жылдарында қаза болған жауынгерлердің қайта некеге отырмаған жесірлері, "Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 4 бабының 3,4 тармағында көрсетілген тұлғалар	40 000 теңге	Жылына бір рет
		Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертiгу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары; бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары; Чернобыль АЭС-тағы апаттық және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары; сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль	10 000 теңге	

		АЭС-тағы апаттық және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасылары		Жылына бір рет
		Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген мүгедектердің әйелі (ері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын әрекет жасаушылардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына" белгісімен марапатталған азаматтардың, жалпы сырқаттанудың, еңбекте мертігудің және басқа да себептердің (құқыққа қарсыларын қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылғандардың екінші рет некеге отырмаған әйелі (ері)	10 000 теңге	Жылына бір рет
		Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтар	20 000 теңге	Жылына бір рет
4	30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституция күні	Асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (балаларға) алушылар	8 (сегіз) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
		Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғалар	60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
		Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтың мүгедек балалары және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	5 (бес) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
5	6 қазан Қазақстан Республикасының мүгедектер күні	Барлық топтың мүгедектері, 16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектері мен мүгедек балалар, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	2 (екі) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
6	1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі	Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтың мүгедек балалары және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	5 (бес) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
7	1 маусым балаларды қорғау күні	16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтың мүгедек балалары және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	5 (бес) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
8	1 6 желтоқсан - Тәуелсіздік күні	Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтың мүгедек балалары және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар"	5 (бес) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
"Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алмайтын тұлғалар санаты				
	1 қазан Халықара-			

9	л ы қ қ а р т т а р к ү н і	Жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және 70 жастан асқан зейнеткерлер	2 (екі) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
10	30 тамыз Қазақстан Республи- касының Конститу- ция күні	1991 жылға дейін Маңғыстау облысы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған тұлғалар	36 (отыз алты) айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК